

Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты ашуын қоса алғанда, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 20 наурыздағы № 12 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 27 наурызда № 38215 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 19.03.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 28-бабының 7-тармағына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 11-7) тармақшасының бесінші бөлігіне және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-18-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және 15-19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты ашуын қоса алғанда, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Мына:

1) "Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты жария етуін қоса алғанда, банктік және микроқаржы активтерін сататын электрондық сауда алаңында сауда-саттықты өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 68 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34995 болып тіркелген).

2) "Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты жария етуін қоса алғанда, банктік және микроқаржы активтерін сататын электрондық сауда алаңында сауда-саттықты өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 68 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 9 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35756 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Тәуекелдерді талдау және стресс-тестілеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2026 жылғы 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 2-тармағының қолданысы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын, осы тармақты тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"2. Қағидаларда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Мемлекеттік реттеу туралы, Банктер туралы, Микроқаржылық қызмет туралы заңдарда, "Ақпараттандыру туралы" және "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар пайдаланылады."

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2026 жылғы 20 наурыздағы
№ 12 қаулысымен бекітілді

Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты ашуын қоса алғанда, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты ашуын қоса алғанда, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 28-бабының 7-тармағына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Микроқаржылық қызмет туралы заң) 7-бабы 2-тармағының 11-7) тармақшасының бесінші бөлігіне және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) 15-18-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және 15-19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты ашуын қоса алғанда, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында (бұдан әрі – электрондық сауда алаңы) сауда-саттық жүргізу тәртібін айқындайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл тармақ осы қаулының 5-т. редакциясында қолданылады.

2. Қағидаларда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде, Мемлекеттік реттеу туралы, Банктер туралы, Микроқаржылық қызмет туралы заңдарда, "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. Электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу тәртібі

3. Электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізуді электрондық сауда алаңының операторы (бұдан әрі – оператор) Қағидалар мен мынадай мәліметтерді қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін, оператордың ішкі қағидалары негізінде қамтамасыз етеді:

1) тараптардың құқықтары мен міндеттерін қосқанда, оператор мен сауда-саттық қатысушылары арасында жасалатын электрондық сауда алаңының қызметтерін пайдалану туралы шарт талаптары;

2) Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағында көзделген, сауда-саттыққа қойылатын мүліктің және (немесе) құқықтардың (талаптардың) (бұдан әрі – объект) түрлері;

3) сауда-саттық қатысушыларын тіркеу тәртібі;

4) сауда-саттық қатысушылары үшін көпфакторлы аутентификациялау мен электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану (пайдалану) тәртібі;

5) сауда-саттыққа қойылған объектілерге қатысты хабарландыруларды жариялау және қарау тәртібі;

6) сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы және (немесе) оператор мен сауда-саттық қатысушылары арасындағы электрондық хат алмасу тәртібі;

7) сауда-саттыққа қойылған объектілерге қатысты ақпаратқа қол жеткізу тәртібі;

- 8) Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес сауда-саттықты жүргізу тәртібі;
- 9) сауда-саттыққа қойылған мүлікке қатысты сатып алу-сату туралы шарт жобасын келісу және оған сауда-саттыққа қатысушылардың өзгерістерді енгізу тәртібі;
- 10) сауда-саттықта сатылған мүлікке қатысты сатып алу-сату шартын жасау тәртібі;
- 11) сауда-саттыққа қойылған банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының жобасын сауда-саттыққа қатысушылардың келісу және оған өзгерістер енгізу тәртібі;
- 12) сауда-саттықта сатылған банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын жасау тәртібі;
- 13) жүргізілген сауда-саттық нәтижелерін жариялау тәртібі;
- 14) тараптардың сауда-саттықта сатылған мүлікке қатысты жасалған сатып алу-сату шарты бойынша ақшалай міндеттемелерін орындау тәртібі;
- 15) тараптардың сауда-саттықта сатылған банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты бойынша ақшалай міндеттемелерін орындау тәртібі;
- 16) электрондық сауда-саттық алаңында жүзеге асырылатын сауда-саттыққа қатысушыларының іс-қимылдарын есепке алуды жүргізу тәртібі;
- 17) сауда-саттыққа қатысушылардың электрондық сауда алаңы қызметтерін пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі;
- 18) оператордың сауда-саттыққа қатысушылардың және (немесе) өзге адамдардың электрондық сауда алаңының қызметтерін пайдалануына байланысты жолданымдарын қарау тәртібі және мерзімі;
- 19) сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімді қабылдау немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарламаны жіберу тәртібі;
- 20) жүргізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша электрондық сауда алаңында ақпаратты жариялау тәртібі.

4. Электрондық сауда алаңында сауда-саттықты өткізу үшін оператор:

- 1) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 3-тармағында көзделген сауда-саттыққа қатысушылардың (бұдан әрі – сауда-саттыққа қатысушылар) электрондық сауда алаңында жүргізілетін сауда-саттыққа қатысуы үшін электрондық сауда алаңының жұмыс істеуін;

- 2) электрондық сауда алаңында орналастыруды;

оператордың атауын, орналасқан жерін, телефонын, банктік деректемелерін (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды) қамтитын оператор туралы мәліметтерді;

оператордың қызметін жүзеге асыру құқығына қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатының болуы туралы мәліметтерді;

оператордың ішкі қағидалары мен оларға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді;

3) электрондық сауда алаңында сауда-саттықты жүргізуге дайындықты, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:

электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу туралы хабарландыруларды (бұдан әрі – сауда-саттықты жүргізу туралы хабарландыру) орналастыруды;

сауда-саттыққа қатысушылармен электрондық сауда алаңының қызметтерін пайдалану туралы шарттар жасасуды;

4) объектілерге қатысты сатушы мен әлеуетті сатып алушы арасында ақпаратты жария етпеу туралы шарт жасасуды;

5) Қазақстан Республикасының дербес деректерді және оларды қорғау, банктік құпияны, микрокредит беру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, объектілерге қатысты ақпаратқа қол жеткізуді;

б) Қағидалардың 5, 6, 7 және 38-тармақтарына сәйкес сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қойылған объектілер бойынша ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерді орналастырғанға дейін электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу үшін сатушы әрбір объект бойынша:

1) объектіні сатуға өтінім жасау, ол мынадай мәліметтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

тіркеуші орган берген объектінің тіркеу нөмірі;

тіркеуші органның объектіні тіркеу күні;

объект иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі;

объектінің атауы және орналасқан жері;

объектінің техникалық сипаттамасы;

объектінің фотосуреті;

2) объектіге құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелерін енгізу.

3) мынадай:

объектілер бірыңғай өндірістік кешенге кірген;

бірыңғай жер учаскесі және онда орналасқан құрылыстар объект болып табылған;

объектілер бұрын бірыңғай кепіл заты болған жағдайларда бірнеше объектілерді сатуға өтінім жасау.

Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерді орналастырғанға дейін электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізу үшін сатушы әрбір объект бойынша мыналарды қамтамасыз етеді:

1) объектіні сатуға өтінім жасау, ол мынадай мәліметтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

Банктер туралы заңның 69-бабы 4-тармағына сәйкес келісім болған кезде банктік шот шартының және (немесе) Микроқаржылық қызмет туралы заңның 21-бабының 3-тармағына сәйкес келісім болған кезде микрокредит беру туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні;

кредитордың жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі;

банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талаптарды) басқаға беруді жүзеге асыратын тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі;

банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешек мөлшері;

банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен күндер саны (бар болса);

кепіл затының атауы мен орналасқан жерін, кепіл заты иесінің жеке сәйкестендіру нөмірін/бизнес сәйкестендіру нөмірін қамтитын кепіл туралы (бар болса).

6. Сауда-саттықты жүргізу үшін электрондық сауда алаңында сатушы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты сатып алу-сату шартының жобасын және (немесе) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының жобасын қоса бере отырып, сауда-саттықты жүргізу туралы хабарландыруды сауда-саттық жүргізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын орналастырады.

7. Сауда-саттықты жүргізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылады :

1) сауда-саттықты жүргізу әдісі;

2) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағында көзделген сатылатын объектінің түрі;

3) бастапқы баға және объектіні сауда-саттықта одан төмен сатылмайтын баға (бұдан әрі – резервтік баға);

4) сауда-саттықты жүргізу күні мен уақыты (электрондық сауда алаңында орналастырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын белгіленеді);

5) объектіге қатысты сатушы ұсынатын құжаттардың тізбесі;

6) кепілдік жарнаны енгізу мөлшері, тәртібі және мерзімі, оператордың банктік деректемелері (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды);

7) сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қабылдау мерзімдері).

8. Өтінім беру үшін сауда-саттыққа қатысушы электрондық сауда алаңында мыналарды көрсете отырып тіркеледі:

1) жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі, атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) банктік деректемелер (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды);

4) пошталық мекенжайды, телефонды, факсты (бар болса), e-mail-ді қамтитын байланыс деректері.

9. Сауда-саттыққа қатысу үшін сауда-саттыққа қатысушы электрондық сауда алаңында өтінім береді және оған электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қояды.

10. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін беру сауда-саттық жүргізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап жүзеге асырылады және сауда-саттық басталғанға дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын аяқталады.

11. Сауда-саттыққа қатысушының өтінімінде сауда-саттыққа қатысушының сауда-саттық талаптарымен келісімі қамтылады.

12. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнаны өтінім беру кезінде сауда-саттыққа қатысушы енгізеді.

Кепілдік жарнаның мөлшері объектінің резервтік бағасының 10 (он) пайызын құрайды, бірақ кемінде 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) және 30 (отыз) мың АЕК-тен аспайды.

13. Кепілдік жарнаны оператор сауда-саттықты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген оператордың банктік деректемелеріне қабылдайды.

14. Өтінімде көрсетілген деректер мемлекеттік дерекқорлар мен оператордың ақпараттық жүйелерінен автоматты режимде алынбаған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушы деректерді дербес енгізеді, сондай-ақ өтінімге растайтын құжаттарды тіркейді.

15. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін тексеру нәтижелері бойынша сатушы операторға өтінімнің қабылданғаны немесе оператордың ішкі қағидаларына сәйкес өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарлама жібереді.

Мыналар өтінімді қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады:

1) сауда-саттық өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталған сәтте оператордың банк шотына түспеуі;

2) сауда-саттыққа қатысушының Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 3-тармағына сәйкес келмеуі;

3) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына сәйкес әлеуетті сатып алушылардың бір-біріне қатысты үлестес болуы.

16. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін тексеру нәтижелері бойынша оператор электрондық сауда алаңында көрсетілген сауда-саттыққа қатысушының

электрондық мекенжайына өтінімнің қабылданғаны не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

17. Сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасы сауда-саттыққа қатысу кезінде мәлімделген талаптармен сатылатын объектіге қатысты банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша сатып алу-сату шартын және (немесе) құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын жасасуды қамтамасыз ету үшін енгізіледі.

18. Сауда-саттық объектінің бағасын көтеру немесе төмендету әдістерімен жүргізіледі.

19. Объектінің бастапқы бағасы сауда-саттықтың әдісіне байланысты анықталады:

1) бағаны көтеруге арналған сауда-саттықты өткізу кезінде бастапқы баға резервтік баға деңгейінде белгіленеді;

2) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты өткізу кезінде бастапқы бағаны сатушы белгілейді, бірақ объектінің нарықтық құнынан 200 (екі жүз) пайыздан аспайды.

20. Резервтік бағаны сатушы белгілейді, бірақ объектінің нарықтық құнының 100 (жүз) пайызынан аспайды.

Сауда саттық өтпеген жағдайда кейінгі сауда саттықтың резервтік бағасын сатушы мынадай деңгейде белгілейді:

екінші сауда-саттықта объектінің нарықтық құнының 70 (жетпіс) пайызынан аспайды;

кейінгі сауда-саттықта объектінің нарықтық құнының 50 (елу) пайызынан аспайды.

21. Сауда-саттық Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, электрондық сауда алаңының аукцион залында (бұдан әрі-аукцион залы) өткізіледі және дүйсенбіден жұмаға дейінгі аралықта өтеді.

Сауда-саттық Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте сауда-саттық Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

22. Сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық басталғанға дейін 1 (бір) сағат ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып, аукцион залына кіреді.

23. Сауда-саттық сауда-саттық өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген уақытта басталады.

24. Егер бағаны көтеруге арналған сауда-саттық аяқталған сәтте сағат 17:00-де сауда-саттық жеңімпазы анықталмаса, онда объектіні сатып алуға ниетін растаған сауда-саттыққа соңғы қатысушы жеңімпаз болып танылады, және осы объект бойынша сауда-саттық жүргізілді деп танылады.

25. Егер бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық аяқталған сәтте сағат 17:00-де сауда-саттық жеңімпазы анықталмаса, онда осы объект бойынша сауда-саттық жүргізілмеген деп танылады.

26. Егер сауда-саттық басталған сәтте объект бойынша аукцион залында сауда-саттыққа екіден аз қатысушы болған жағдайда, онда осы объект бойынша сауда-саттық жүргізілмеген деп танылады.

27. Бағаны өзгерту қадамын сатушы объектінің резервтік бағасының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде белгілейді.

28. Бағаны көтеруге арналған сауда-саттық:

1) сауда-саттық басталған сәттен бастап сауда-саттыққа қатысушыға басқа сауда-саттыққа қатысушының ұсынған объектісінің ең жоғары ағымдағы бағасын Қағидалардың 27-тармағында белгіленген 1 (бір) немесе одан да көп қадамға ұлғайту мүмкіндігі беріледі;

2) егер сауда-саттық аяқталғанға дейін сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы объектінің ағымдағы ең жоғары бағаны арттырмаса, онда оны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы объект бойынша сауда-саттық жүргізілді деп танылады.

29. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық:

1) Қағидалардың 27-тармағында белгіленген қадамды қолданғанға дейінгі бағаны төмендетуге арналған уақытты оператор белгілейді;

2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген уақыт ішінде сауда-саттық басталғаннан бастап сауда-саттыққа қатысушылардың бірде-біреуі объектіні сатып алуға өзінің ниетін растамаса, онда объектінің бастапқы бағасы Қағидалардың 27-тармағында белгіленген қадамға азаяды;

3) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген уақыт ішінде объектінің бағасы төмендегеннен кейін сауда-саттыққа қатысушылардың бірде-біреуі объектіні сатып алуға өзінің ниетін растамаса, онда объектінің соңғы жарияланған бағасы Қағидалардың 27-тармағында белгіленген қадамға азаяды.

30. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықтың жеңімпазы болып объектіні бастапқы немесе жарияланған баға бойынша сатып алуға өзінің ниетін бірінші болып растаған сауда-саттыққа қатысушы танылады және осы объект бойынша сауда-саттық өткізілді деп танылады.

Егер объектінің бағасы резервтік бағаға жетсе және сауда-саттыққа қатысушылардың бірде-біреуі объектіні сатып алу ниетін растамаса, онда сауда-саттық жүргізілмеген деп танылады.

31. Қағидалардың 25, 26-тармақтарында және 30-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда сатушы жүргізілмеген сауда-саттық туралы актіге қол қояды.

Жүргізілмеген сауда-саттық туралы акт электрондық сауда алаңында қалыптастырылады, одан кейін оператор "Сауда-саттық жүргізілмеген" мәртебесі бар

сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді жариялайды және жүргізілмеген сауда-саттық туралы актіні сатушыға жібереді.

32. Тікелей атаулы сату электрондық сауда алаңында Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген объектілерге қатысты жүргізілмеген сауда-саттық туралы 3 (үш) немесе одан да көп актілердің негізінде жүргізіледі.

Сауда-саттық жүргізілмеді деп танылған жағдайда, кейінгі сауда-саттық жүргізілмеген сауда-саттық туралы бірінші актіге қол қойылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күннен кейін өткізіледі.

33. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген объектілерге қатысты тікелей атаулы сату өткізілген жағдайда, объектінің бағасы соңғы жүргізілмеген сауда-саттықта белгіленген резервтік бағадан төмен емес деңгейде белгіленеді.

34. Сауда-саттық барысында техникалық іркіліс және (немесе) қателер туындаған кезде оператор техникалық іркілістің және (немесе) қателердің болу фактісін тіркейді және ол электрондық сауда алаңында болған кезде электрондық сауда алаңында ақпаратты орналастыру арқылы сауда-саттықтың барлық қатысушысын хабардар етеді.

Сауда-саттыққа қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдығының техникалық іркілісі болған жағдайда сауда-саттық жалғасады.

Сауда-саттықты өткізуге кедергі келтіретін электрондық сауда алаңында техникалық іркіліс фактісі болған жағдайда, оператор бұл туралы сатушыны, сауда-саттыққа қатысушыларды дереу хабардар етеді және сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қатысуына жіберілген сауда-саттықты орналастыру арқылы жалғастыру күні мен уақыты туралы алдын ала хабардар ете отырып, техникалық іркілісті оператор түзеткен және электрондық сауда алаңында ақпарат және электрондық сауда алаңында көрсетілген сауда-саттыққа қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сауда-саттықты жалғастыруды ұйымдастырады.

35. Әрбір сатылған объект бойынша сауда-саттық нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді, оған электрондық сауда алаңында сатушы мен сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық өткізілетін күні ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

36. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттық нәтижелерін тіркейтін құжат болып табылады және Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерді сатып алу-сату шартына және (немесе) жеңімпаз бен сатушы арасындағы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына қол қою үшін негіз болып табылады.

37. Сауда-саттықтың жеңімпазы электрондық сауда алаңында сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастырумен айқындалады, одан кейін оператор "Сауда-саттық өтті" деген мәртебесі бар сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді жариялайды және сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы сауда-саттыққа қатысушыларға жібереді.

38. Сауда-саттыққа қойылған объект бойынша сауда-саттық жеңімпазына ақпаратты жария етуді сатушы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты қол қойылған сатып алу-сату шарты және (немесе) сауда-саттықта өткізілген Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты негізінде жүзеге асырады.

39. Жеңімпаз оператор белгілеген мерзімдерде сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) сауда-саттықта сатылған объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сатушы ЭЦҚ пайдалана отырып, электрондық сауда алаңында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және бұл объект күші жойылған сауда-саттық шарттарымен сауда-саттыққа қайта қойылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдай туындаған кезде сауда-саттық жеңімпазы енгізген кепілдік жарнаны оператор сатушының банктік шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударады.

40. Оператор кепілдік жарнаны қайтаруды сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімді растаған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады, ол сауда-саттық аяқталғаннан кейін электрондық сауда алаңында не сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімді беруі арқылы қалыптастырылады.

Кепілдік жарна сауда-саттыққа қатысушыға кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімде көрсетілген банк шотына қайтарылады.

Кепілдік жарна сатушы мен жеңімпаз арасындағы сауда-саттықта сатылған объектіге қатысты банктік қарыз және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сатып алу-сату шартына және (немесе) құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына қол қойылғаннан кейін банктік қарыз және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сатып алу-сату шарты және (немесе) құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты бойынша міндеттемелерді орындау есебіне жазылады және оператор оны сатушының банктік шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударады.

41. Сауда-саттық жеңімпазы оператор мен сауда-саттыққа қатысушы арасында жасалған электрондық сауда алаңының қызметтерін пайдалану туралы шартта

белгіленген тәртіппен және мерзімдерде операторға сауда алаңының қызметтерін пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді.

Сыйақы мөлшері банктік қарыз және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сатып алу-сату шартының немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының бағасынан пайызбен айқындалады және оны оператордың ішкі қағидалары негізінде оператор:

1) 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан аспайтын, алайда Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізген жағдайда 10 000 (он мың) АЕК-тен аспайтын;

2) 3 (үш) пайыздан аспайтын, алайда Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты электрондық сауда алаңында сауда-саттық жүргізген жағдайда 10 000 (он мың) АЕК-тен аспайтын мөлшерде белгілейді;

42. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-21-бабының 5 және 8-тармақтарында көзделген жағдайлар туындаған кезде оператор сауда-саттыққа қатысушыларға өздері енгізген кепілдік жарналарды қайтарады және сауда-саттықтың күшінің жойылғаны және сауда-саттықтың күшін жою себептері туралы сатушы мен сауда-саттыққа қатысушыларды хабардар етеді.

43. Есепті ай ішінде жүргізілген сауда-саттықтың нәтижелері бойынша жиынтық ақпаратты оператордың ішкі қағидаларына сәйкес оператор келесі айдың онынан кешіктірмей электрондық сауда алаңында жариялайды.